


«Бекітемін»

МОББ ТАБББ «Айналайын» бөбекжайы ЖБҚ МКҚК

директор  Г.Айкешова

« 01 » 09 2023 жыл

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТЕР (АКП) 2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін қамтамасыз ету, балалары мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету.

№	Негізгі іс-әрекет мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Мектеп жасына дейінгі балаларды үй жағдайында тәрбиелеп отырған отбасыларды айқындау және консультативтік пункт қызметімен таныстыру . «Тазалықты сүйеміз!» жеке бас гигиенасын сақтау . Бейнероликтер ұсыну.	08.09.2023 жыл	Әдіскер: Н.Е. Денбаева Психолог: К.Т. Темиркановна Логопед: Р.М. Атшыбаева
		22.09.2023 жыл	Тәрбиеші: Э.Сисембиева
2	«Бояулар әлемі» дәстүрлі емес сурет салу техникасы бойынша күз мезгілінің бейнесін салу.	18.10.2023 жыл	Г.Т. Жүнісбекова
3	Балаларды «Индиго» электронды базасына балабақшаға кезекке қою жолдарын үйрету. «Логопедиялық ойын жаттығулары » « Балалардың ойлау қабілеттерін арттыруға арналған тіл ұстарту жаттығулары»	03.11.2023 жыл	Әдіскер: Н.Е. Денбаева Логопед: Р.М. Атшыбаева
		23.11.2023 жыл	Тәрбиеші: З.Т.Жумажанова
4	«Ұлттық ойын -асыл қазынамыз» ұлттық ойындар ұйымдастыру. « Өсімдіктерді бақылау» бөлме гүлдеріне	13.12.2023 жыл	Дене шынықтыру нұсқаушысы: Г.Д. Намазбаева Тәрбиеші: Ж.К. Кенжебаева
		23.12.2023 жыл	Н.А. Туметова

	қамқорлық жасау.		
5	«Өнерің өрге жүзсін » концерттік бағдарлама. «Ертегілер елінде» театр қойылымдары.	19.01.2024 жыл 26.01.2024 жыл	Әдіскер: Н.Е. Денбаева Музыка жетекшісі: А.Ш. Избенова Тәрбиеші: Д.Б.Нуржанова
6	«Қалдық заттардан жасалатын бұйымдар» «Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру бойынша көркемсөз»	09.02.2024 жыл 22.02.2024 жыл	Тәрбиеші: О.Д. Утесинова Тәрбиеші: Ғ.Ө. Есболай
7	«Балалардың бөбекжайға бейімделуін қалыптастыру» кеңес. «Ұлттық аспап- домбыра» домбырамен ән айтып үйренеміз!	06.03.2024 жыл 29.03.2024 жыл	Психолог: К.Т. Темиркановна Тәрбиеші: Г.Р. Такабаева
8	«Балалардың танымдық қабілетін ойын арқылы дамыту» «Балалардың қауіпсіздігін сақтау» анимациялық көрсетілімдер.	10.04.2024 жыл	Дефектолог: М.А. Бекесова Тәрбиеші: С.О.Сосыкбаева
9	Консультативтік пунктте атқарылған жұмыстар туралы есеп беру. «Ойнайық та ойлайық!»	15.05.2024 жыл	Әдіскер: Н.Е. Денбаева Психолог: К.Т. Темиркановна Логопед: Р.М. Атшыбаева Шығармашылық топ

Бекітілді
Б. А. А. А.
кеңес

МОББ ТАБББ «Айналайын» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

**Тақырыбы: «Балалардың бөбекжайға бейімделуін қалыптастыру»
(Кеңес)**

Дайындаған: Психолог Колкабаева Калдигул Темиркановна

С.Шапағатов ауылы-2023-2024 оқу жылы

Баланың бөбекжайға бейімделуін қалыптастыру (кеңес)

Балалық шақ-бұл адам өміріндегі ерекше кезең, дәл осы уақытта баланың денсаулығы және жеке тұлғасы қалыптасады. Балалық шақ тәжірибесі көбінесе адамның ересек өмірін анықтайды. Бала ата-аналардың “қолынан” өмірді көреді, яғни ата-ана балаға уақыт өте келе “ұядан” шығуға, адамдар арасында өз орнын табуға, өзімен және басқалармен бірге өмір сүруді үйренуге мүмкіндік беретін өмір салтын құруда үлкен рөл атқарады. Олардың сүйіспеншілігі, қамқорлығы, эмоционалды жақындығы және қолдауы арқасында бала өсіп, дамиды, ол әлемге және айналасындағы адамдарға деген сенімін, сезімін дамытады.

Баланы балабақшаға бейімдеу-бұл оны өмірдің жаңа жағдайларына, белгісіз кеңістікке, күн режиміне, тамақтану режиміне, сондай-ақ жаңа әлеуметтік ортаға және жаңа қатынастарға (тұлғааралық және ұжымдық) бейімдеу. Бейімделу баладан үлкен энергия шығындарын талап етеді, нәтижесінде баланың денесі шамадан тыс күш жүктеледі. Сонымен қатар, баланың қалыпты өмірлік жағдайларының өзгергенін де мойындау керек, атап айтқанда: жақын жерде анасы мен әкесінің болмауы, күнделікті нақты тәртіпті сақтау, басқа балалармен өзара әрекеттесу қажет; белгілі бір балаға бөлінетін уақыт азаяды (тәрбиеші 15-20 баламен бір уақытта байланысады); бала жаңа талаптарға бағынуы мүмкін.

Егер бала жыласа, кейде топқа барудан бас тартса, аналардың жүрегі уайымға толы болады. Бүгін біз ата-аналарды не толғандыратыны туралы сөйлесеміз және ең маңызды сұрақтарға жауап береміз: Бейімделу дегеніміз не? Бейімделуді қалай жеңілдетуге болады? Баланы бөбекжайға қалай дайындау керек? Баламен қалай қоштасуға болады? Ата-аналар баланы бөбекжайға беруге дайын ба? Бала бөбекжайға үйренген кезде үйде өзін қалай ұстау керек? Бала бөбекжайға барудан бас тартқан кезде не істеу керек?

Онымен бірге ойын алаңдарына барыңыз, үйге шақырыңыз және балалары бар адамдарға қонаққа барыңыз, балаларды құрдастарымен ойнауға үйретіңіз. Бөбекжайда қаншалықты керемет, көптеген қызықты нәрселер бар екенін алдын-ала айтыңыз. Баланың сүйікті ойыншықтарын пайдаланып бөбекжай ойнаңыз, бұл оның бөбекжайға деген қызығушылығын арттырады. Мүмкін болса, сіз баруды жоспарлаған балабақшада әртүрлі қосымша сабақтарға қатысыңыз. Бала жағдайға үйреніп, өз бетінше әрекет етуді үйренеді және ата-анасын баяу босатады, бөбекжайдың оң бейнесін жасаңыз.

Сондықтан бірден айта кету керек: егер сізде 3 жасқа дейінгі баламен отыруға мүмкіндігіңіз болса, одан бас тартпаңыз. Егер балаңыз көп ұзамай бөбекжайға баруы керек болса, онда қалған уақыт ішінде оны және өзіңізді осы оқиғаға дайындауға тырысыңыз. **УАЙЫМДАУДЫ ТОҚТАТЫҢЫЗ!** Бәрі жақсы болады. Балаға өзіңіздің алаңдаушылығыңызды көрсетпеңіз. Баланы

бөбекжайға бару қажеттілігі туралы ойлауға алдын-ала дайындау керек. Шешіміңіз туралы қуанышпен хабарлаңыз, сіз оны өте мақтан тұтасыз деп айтыңыз-өйткені ол балабақшаға бара алатындай үлкен бала болды. Бұл оқиғадан проблема жасамаңыз, күн сайын оның бөбекжайда болатын өміріндегі өзгеріс туралы сөйлеспейсіз, оның мазасыздығын күшейтіп аласыз.

БАЛАНЫҢ КҮН ТӘРТІБІНЕ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Үйде де ұйқыдан тұрғызу, тамақтану, ұйықтау, серуендеу бөбекжайдағы күн тәртібі режиміне сәйкес келуі керек. Балаға өзін-өзі күтудің негізгі дағдыларын алдын-ала үйретуге тырысу өте маңызды. Бұл сіздің балаңызға көмектеспейді дегенді білдірмейді, қайта сіз де жайбарақат боласыз, ал егер ол бөбекжайға келгенде өздігінен тамақ ішіп, киініп, аяқ киім киіп, қарапайым гигиеналық жағдайларды орындай алатын болса, балаға оңайырақ болады. Егер сіздің балаңыз күндіз ұйықтамаса, оны жай төсекте жатуға үйретіңіз. Кейбір ойындарды үйретіңіз: мысалы: кішкентай бөлшектерді есте сақтай отырып, айналадағы заттарды қарастыру, саусақ ойындары өте пайдалы.

Бөбекжайға дұрыс бейімделмеу мектепке қарағанда жиі кездеседі, бірақ ата-аналар да, мамандар да оған назар аудармайды, олар анасымен біраз уақытқа қоштасқанда таңертеңгі жылауды, тыныс алудың тұрақты ауруларын, баланың мінез-құлқының арасындағы күрт құбылыс қалыпты жағдай деп қарастырады. Көптеген адамдар баланы үш жасқа дейін бөбекжайға берген дұрыс деп санайды, ол жаңа ортаға оңай бейімделеді, бөбекжайға үйренуде проблемалар аз болады. Шынында да, әдетте, сәбилер жаңа жағдайларға тез үйренеді. Олар тәрбиешілерге тезірек жабысады, бөбекжайды жақсы көреді, олар қуана-қуана барады, тіпті бес күнде де оңай қалады. Бірақ ата-аналарға, үйге деген сүйіспеншіліктің табиғи сезімдері туралы ұмытпау керек. Бала отбасының ең құнды және қымбат екенін сезінуі керек. Бірінші күні сабырлы болуға тырысыңыз, себебі балалар ата-аналық қобалжуды жақсы сезінеді. Баланың бөбекжайға бейімделу кезеңі ата-анаға да қобалжу әкелетінін түсінуі керек. Кей сәттері олар баладан да артық күйзеледі. Сондықтан жанұя мүшелері өз сезімдерін бақылап, негізін түсініп отыруы қажет. Бөбекжайдағы уақытты біртіндеп арттыру керек. Бөбекжайдағы баланың бейімделуі: 1-2 апта-бала түскі асқа дейін қалады; 2-3 апта- бала ұйықтап қалады; 3-4 апта-бала толық күн қалады. Баланың ерекшеліктеріне байланысты бүкіл процесс тездетілуі немесе, керісінше, баяулауы мүмкін.

Қоштасуды кешіктірмеңіз және бірінші күннен бастап өз міндетіңізді ойлаңыз. Мысалы, баланы сүю, құшақтау, келетініңізді айту, қолыңызды бұлғап және кету. Егер баланың көңіл-күйі жақсы болса, қауіптен аулақ болыңыз, сабырлы болыңыз. Баланы бөбекжайға қалдырған кезде, қайтып оралудың нақты уақытын атаңыз. Жақын ересек адамның кенеттен жоғалып кетуі-бұл жалпы мазасыздықты тудыратын қатты стресс. Сондықтан, кетуді алдын-ала талқылап, не істейтіндігіңізді айтыңыз (бизнеске, жұмысқа, дүкенге барыңыз), және ешқандай жағдайда кешікпеуге тырысыңыз.

Балаңызбен бөлінген кезде көз жасына дайын болыңыз. Бөліну кезіндегі көз жасы қалыпты жағдай, және барлық балалар бұл арқылы өтеді. Топта болу әлі таныс болмаған кезде, балалар ата-аналарының кетуінен қайғырады. Не істеп жатқаныңызға дәйекті және сенімді болыңыз. Балаңызға оны бірнеше сағатқа қалдыратындығыңызды, сондықтан оны жақсы көретіндігіңізді және белгілі бір уақытта оған міндетті түрде келетіндігіңізді айтыңыз. Қоштасу сәтін қысқартыңыз. Егер сіз кешіктірсеңіз, ол өзін аяй бастайды. Сіз кетіп бара жатқанда, ол жаңа ортада алаңдайды. Әдетте, бала ата-анасы кеткеннен кейін тез тынышталады.

МОББ ТАБББ «Айналайын» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

Ата-аналарға арналған консультациялық пункт (АКП)

Тақырыбы: «Тазалықты сүйеміз жеке бас гигиенасын сақтау»

Тәрбиеші: Сисембиева Э.А

С.Шапағатов ауылдық округі

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: Тазалықты сүйеміз жеке бас гигиенасын сақтау.

Мақсаты: Балалардың жеке басының гигиенасы, тазалық денсаулық туралы ұғымдарын кеңейту.

Тазалық құралдары туралы айта білуге, оларды пайдалана білуге үйрету.

Балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.

Керек құрал-жабдықтар: Тазалық заттары.

Шаттық шеңбері:

Шеңбер болып тұрайық,

Алақанды ашайық,

Күннен жылу алайық.

Жүрекке жылу салайық.

Жиналған жылы шуақты,

Бір-бірімізге сыйлайық.

Жарайсыңдар балалар орнымызға отырайық.

Балалар бүгінгі тақырыбымыз; Тазалықты сүйеміз, жеке бас гигиенасын сақтау деп аталады.

Балалар біз таңертеңгі мезгілде ұйқыдан оянған кезде не істеуіміз керек?

Таңғы жаттығу жасаймыз.

Балалар: жуынамыз, бетімізді, қолымызды, тісімізді жуамыз.

Тәрбиеші: Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын, жауабын шешуге дайын болыңдар.

Ертеңмен күнде сен ,

Қолыңды сүйкесең,

Кетіп кір-ласың,

Тап-таза боласың.

Бұл не? (сабын)

Шомылған баланы,

Аймалап алады,

Сипайды қолын да,

Сипайды үстін де.

Бұл не? (сүлгі)

Қолы жоқ, сөзі жоқ, бірақ тісі бар,

Басыңмен ісі бар.

Бұл не ? (тарак)

Иілсең иіліп, түйілсең түйіліп,

Қарайды кісіге, ұқыпты ісіне.

Бұл не ? (Айна)

Тәрбиеші:

Балалар су бізге не үшін қажет?

Балалар ауа бізге не үшін қажет?

Балалар сабын бізге не үшін керек?

Сүлгі не үшін керек?

Балалар ал, тіс пастасы щетка не үшін керек?

Балалар:

Суды ішеміз, жуынамыз.

Ауа мен демаламыз.

Сабын мен беті-қолымызды жуамыз.

Сүлгі мен сүртінеміз.

Тіс пастасы щетка мен тісмізді жуамыз.

Тәрбиеші: Балалар бүгін біз тазалық жайлы білетін боламыз. Тазаық дегеніміз қолымызды яғни, денемізді таза ұстауымыз керек. Мысалы: Тамақ ішер алдында міндетті түрде қолды жуып отыру керек. Адам ұйқыдан тұрғанда бетін қолын тісін тазалайды яғни, балалар ағынды сумен жуынады. Ал кешкісін ұйықтар алдында дәл солай жуынып таза жатуымыз керек.

Сергіту жаттығуы:

Сылдырлайды мөлдір су,

Мөлдір суға бетінді жу.

Жуынсаң сен әрдайым,

Таза бетің мандайың.

Тазалықтың досы,

Су дегенің осы.

Балалар су біздің жеке бас тазалығымызға өте қажет.

Су болмаса адамдар да, өсімдіктер де, жануарлар да өмір сүре алмайды. Сумен ойнауға төгіп, шашуға болмайды. Судыңда сұрауы бар екен.

«Сиқырлы қапшық»

Қазір біздер ойын ойнаймыз.

Мына қапшықтың ішінде заттар бар, сол заттардың ішінен тазалық заттарын тауып алып көрсетулерің керек.

Қане бастайық.

Ойын: Қима суреттерді құрастыр жұмбақтың шешуіне байланысты суреттерін құрастыру.

Балаларды белсенділіктеріне қарай мақтап, мадақтау.





МОББ ТАБББ «Айналайын» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

**Тақырыбы: «Бояулар әлемі»
дәстүрлі емес сурет салу техникасы бойынша күз мезгілінің
бейнесін салу**

Текінізді
16.10.2023
Жүнісбекова

МОББ ТАБББ
«Айналайын» бөбекжайы
ЖБҚ МКҚК

Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар»

Дайындаған: Г.Жүнісбекова

Сайын Шапағатов 2023 жыл

«Күзгі жапырақтар»

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Оқу іс-әрекеті: Сурет салу.

Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар»

Мақсаты:

Ибраһим бірлесе отырып, жапырақ арқылы жапырақтың бейнесін бастырып сурет салуды үйрету. Негізгі түстер туралы түсініктерін кеңейту. Балаға жапырақпен сурет салуда ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: жапырақ арқылы сурет салу, ойын, слайд.

Көрнекіліктер: табиғи жапырақ сары, қызыл жапырақтар, қызыл сары гуашь бояулар, қылқалам, дымқыл қол сүрткіштер.

1. Сәлемдесу.

Шаттық шеңбер!

Достарымның барлығын,

Сыйлап жақсы көремін.

Алақаным арқылы,

Жылуымды беремін.

-Жарайсың!

2. Слайд:

-Ибраһим қазір жылдың қай мезгілі?

-Күз мезгілінде табиғат қандай өзгерістерге ұшырайды?

-Күзде күн суыта бастайды, жаңбыр жиі жауады, жапырақтар сарғайып жерге түсіп, құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Адамдар жылы киінеді. Жер алтын сары түске боялады.

-Ибраһим мен саған жапырақтарды алып келдім, қарашы, түстері қандай керемет!

-Мынау сары, қызыл, ал мынау-қызғылт сары жапырақ.

- Ибраһим осы алуан түрлі жапырақтардың суретін жапырақпен бастыру арқылы салып көреміз бе?

Ол үшін бізге қылқалам, әр түрлі бояулар қажет болады. Қылқаламды алып, қалай бояйтынымызды көрсетейін. Бүгін біз жапырақпен сурет саламыз.

-Қане, Ибраһим мұқият қарап отыр мен көрсетейін. Қылқаламды суға батырып, керек бояуларымызды жаныраққа жағып аламыз да, жапырағымызға жағып, ақ қағаз бетіне басып көреміз, тағы да жапырағымызға қызыл бояуды жағып қағаз бетіне басып жапырақтың бейнесін жасаймыз. Біздің қағазымызда екі түсті жапырақтың суреттері

пайда болды.

- Ибраһим жапырақтың суретін салып болған соң қолдарымызды дымкыл сулықпен сүртеміз.

-Қандай тамаша, әдемі қызыл, сары жапырақтарды бейнеледің, жарайсың!

-Қане, жасаған жұмысыңды көрсетші.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жел еседі.

Кіп-кішкентай ағаштар,

Үп-үлкен боп өседі.

Сұрақ-жауап:

- Ибраһим, бүгін ненің суретін салдық?

-Жапырақтардың түсі қандай екен?

-Суретті қалай салдың?

Қорытындылау:

-Жарайсың Ибраһим! Рахмет саған бүгінгі сабаққа белсенді қатыса білдің, жарайсын!

Күтілетін нәтиже

Білуі керек: Күз мезгіліндегі болатын ерекшеліктерді, қылқаламды пайдалана отырып, күзгі жапырақты бейнелеуді.

Нені игерді: Қылқаламмен жапыраққа бояу жағып, қағаз бетіне түсіруді.

Дайындаған: Бейнелеу маманы: Жүнісбекова Гаухар Тәжібекқызы



Galaxy A23



Galaxy A23



МОББ ТАБББ «Айналайын» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

Ата-аналарға арналған консультациялық пункт (АКП)

Тақырыбы: «Логикалық ойын жаттығулары»

Логопед: Атшыбаева Р. М

С.Шапағатов ауылдық округі

2023-2024 оқу жылы

Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой. Ақылды ой, алғыр сөз адамның ең жоғары қасиеттері.

Ғ.Мұстафин

Балабақшадағы логопедтік түзету жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән беріледі. Балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі - тіл дамытудың негізгі бір міндеті болып есептелінеді. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамытуда төмендегі міндеттер басшылыққа алынады:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;
- жаңа сөздерді меңгерту, мағынасын түсіндіру;
- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру;

Осы аталған міндеттерді логопед үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Сөздік қорын дамыту жұмысын ұйымдастыруда ойын ең негізгі орын алады. Логопед бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын оқу қызметін ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады. Оқу қызметін ұйымдастыруда танымды және дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда логопед өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттады, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Сонымен қатар ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас

жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн. Логопед балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Қай ағаштың жапырағы», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз», т.б.

Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есінде сақта», «Күн мен түн».

Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата».

Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады. Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады. Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Міне, сондықтан да оқу қызметі үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлемін және бұл менің ең негізгі алдыма қойған мәселем. Сонымен, баланың сөздік қорын дамытумен қатар, тілін дамыту да ойын арқылы жүзеге асады. Оны төмендегі ойын түрінен көруге болады.

1-«Кім көп сөз біледі?»

Мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

Шарты: Р,Ш,Л дыбыстарына байланысты сөздер айтып, прищепканы бір-біріне қыстыру.

2-«Сиқырлы сандық»

Мақсаты: балалардың сөздік қорын, фонетика-фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілік пен тез әрекет етуге үйрету.

Шарты: сыйқырлы сандықтың ішінен дөңгелекшелерді алып, онда бейнеленген суретті атап, ондағы басқы және соңғы дыбысты атап, соңғы

дыбыстан басталатындай етіп сөздерді ретімен орналастырып жұлдызды құртты құру, яғни дөңгелектерді ретімен бір-біріне байлау.

3-«Алма ағашы»

Мақсаты: Р, Л, Ш дыбыстарын дифференциялау. Дыбыстарды бір-бірінен ажыратуға үйрету. Р, Л, Ш дыбыстарын сөзде бекіту.

Шарты: себеттегі алмада бейнеленген суретті атап Р, Л, Ш, С дыбыстарын бір-бірінен ажыратып, алма ағаштарын алмаға толтыру.

4-«Балық аулайық»

Мақсаты: берілген суреттерді атап, сөйлем құрауға үйрету.

Шарты: балықты аулап, ондағы берілген суреттерді байланыстырып сөйлем құрау.

5-«Мен жақсы сөйлеймін»

Мақсаты: балалардың байланыстырып сөйлеу тілін, сөзік қорын дамыту, өз ойын еркін жеткізуге үйрету. Р, Л, Ш дыбыстарын сөйлемде бекіту.

Шарты: ертегіні электрондық қазақ үй құралынан тыңдап, желісі бойынша әңгімелеу.

Қорытынды: Балаларды мақтап мадақтау.

Бекітілді.
20.11.2023
М.Жантөріс

МОББ ТАБББ « Айналайын бөбекжайы » ЖБҚ МКҚК

Ұйымдастырылғын іс-әрекет Тіл ұстарту жаттығулары



Тәрбиеші: Жұмажанова З.

С.Шапағатов ауылы 2023 -2024 оқу жылы

Тақырыбы: Тіл ұстарту жаттығулары

Мақсаты: Балалардың тілін дамыту, әр түрлі тіл ұстарту жаттығуларын жасату арқылы, балаланың дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру.

Керек құралдар: Әртүрлі суреттер, айналар, жүрекше

Жылулық шеңбері:

Балалар шеңберде тұрып, бір-біріне жүрекшені беру арқылы жылы сөздер айту.

-Жарайсыңдар, балалар алдымен мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр.

«Жартысын тап» ойыны

Балалар сурет қиындыларын құрастырады.

Тәрбиеші:

-Балалар сендер суреттерді дұрыс құрастырдыңдар, енді осы суреттердегі бейнелерді атау арқылы тіл ұстарту жаттығуларын жасаймыз.

1. Ыр- ыр - ыр

Сүт береді ала сиыр

2. Ық-ық-ық

Өн айтып тұр бір мысық

3. Шақ-шақ-шақ

Ұшты ойыншық ұшақ

4. Син-син-син

Жейміз тәтті апельсин

5. Ыл-ыл-ыл

Тәтті алма қып-қызыл

6. Пед-пед-пед

Бізде бар велосипед

7. На-на-на

Қалада көп машина

8. Ап –ап- ап

Мен оқимын кітап

9.Цикл-цикл-цикл

Тез жүреді мотоцикл

10.Ю-ю-ю

Қорбаңдайды аю

Сергіту жаттығуы

«Кірпік шешен орманда»

Артикуляциялық жаттығу (Айна арқылы жасау)

«Терезе» жаттығуы

Терезені ашып ем,

Жел соқты ғой бір кезде,

Жауып едім онымен,

Күн шықты ғой лезде. (ауызды кең ашып жабу)

«Тұлпар» жаттығуы

Атым шауып келеді.

Тақылдатып тұяғын,

Жүйрік атым шаба түс!

Шаршамағын тұлпарым. (таңдай тақылдату)

«Күрек» жаттығуы

Күрек алып жер қазып,

Отырғыздым көк-сөкті.

Күрекпен қазған жерден мен

Өнімді алдым мол қылып. (тілді төмен қарай шығару)

«Тәтті тосап» жаттығуы

Таңқурай мен өріктен

Қайнатты анам тосапты,

Дәмі қандай керемет!

Кетер емес таңдайдан. (ерінді жалау)

Жарайсындар балалар сендерге бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекет ұнады деп ойлаймын, сендер жаттығуды өте жақсы жасадыңдар.

Бекітілді
13.12.2023
М.А.М.

МОББ ТАБББ
«Айналайын» бөбекжайы»
ЖБҚ МКҚК

Ата-аналарға арналған консультациялық пункт
«Ұлттық ойын-асыл қазынамыз»

Дене шынықтыру нұсқаушысы:
Г.Д.Намазбаева

Сайын Шапағатов 2023 жыл

Мақсаты: Денсаулықты нығайтумен қатар балалардың қазақтың ұлттық спорт түрлеріне деген көзқарасын қалыптастырып, дене жаттығулары мен ойындарын өз беттерінше дамытуға тәрбиелеп, оқу- ойын материалдарын бір жүйе ретінде олардың руханилығын, адамгершілігін, дене тәрбиесін тәрбиелеуге баулуды қалыптастыру. Баланың жан – жақты дамуын , қимыл-қозғалысы, ептілік қабілеттер жетілдіру. Балаларды асық ойынының бір түрімен таныстыру. Ептіліктерін, ойынға қызығушылықтарын дамыту. Ұжымшылдыққа тәрбиелеу.

Міндеті: Ұлттық ойындарды үйрете отырып, жұмыс қабілеттілігін арттыру аясында балалардың денсаулығын нығайту. Балалардың ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру. Ұлттық ойынға деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру.

Сапқа тұру, сәлемдесу, саптық жаттығулар орындау:

- Түлкі секілде ек іқолды алға сермеп, аяқты қайшылап адымдау;
- Аю секілді, аяқтың табанының сыртқы қырымен маймандаған аю секілді, қолды екі жаққа сермеп жүру;
- қасқыр секілді, қолды алдына қарай сермеп, үлкен адым жасап жүру;
- Қоян секілді ал,а қарай қос аяқтап, ытқып-ытқып секіру.

Шеңберлене тұрып, нұсқаушыдан қайталап жалпы даму жаттығуларын орындау:

1. Б.қ. аяқтың арасын сәл ашып, тік тұру, доп ұстаған қолды төменде ұстау;
1-1 доптарды қолды бүкпей, бастан жоғары көтеріп, жайқалту;
1-2 екі жанға түсіру
1-3 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау).
2. Б.қ. тік тұрып, доптарды екі қолмен төменде ұстау;
2-1 сол аяқты алға қойып, доп ұстаған екі қолды бірдей оң жаққа апарып, қолдың білезіктерін айналдыру және оң аяқты алға қойып, қолдарды сол жаққа апарып, қол білезіктерін айналдыру;
2-2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау);
3. Б.қ. жерде отырып, аяқты бірге қою, доптарды екі қолмен ұстап, тізенің үстіне қою;
3-1 доптарды екі қолмен екі жанға созып, тізені бүгу;
3-2 тіктелу;
3-3 доптарды екі қолмен екі жанға созып, тізені бүгу;
3-4 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау).
4. Б.қ. аяқты бірге қою, доптарды екі қолмен көкірек тұсында ұстау;
4-1 бір бағытта жеңіл секіру;
4-2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау).

Қазақтың ұлттық ойындарымен ата-ана мен балаға таныстыру

Соның ішінде асық сүйектерін көрсетіп, балаға таныстырып, асықты тігіп үйретіп, «Асық ату» ойынын ата-анасымен бірге ойнау.

«Асық ату»

Ойын шарты

Ойынға балалар екі топқа бөлініп, әр топта 5-6 баладан болады. Ойынды далада, спорт залында, бөлмеде өткізуге болады. Екі шеңбер сызылып, сол шеңбер ішіне асықтар қойылады. Екі топ белгі бойынша шеңбер ішіндегі асықтарды бір-бірлеп әкелулері тиіс. Қай топ көп асық жинаса сол топ жеңімпаз болады.

«Арқан тартыс». Ұлттық ойынның кең таралған түрі. Ата-ана, бала, нұсқаушы болып ойын шартымен танысып, ойнау

Ойын шарты

Екі топқа теңдей бөлінген ойыншылар берілген арқанды екі жағынан керіп тартып ұстап, нұсқаушы белгісімен әр топ өз бағытына қарай тартады. Қай топ қарсылас топты өзжағына тартып алса, сол топ жеңімпаз саналады.

Қорытынды: Баланы жасаған іс-әрекетіне қарай мадақтап, мақтау. Ата-анаға, балаға ұлттық ойындар жиі ойнап жүруін түсіндіру

Текінісі.
және
23.12.2023

МОББ ТАБББ « Айналайын»бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы:«Бөлме гүлдерін бақылау»

Дайындаған: Кенжебаева Ж.Қ

«Шаттық» ортаңғы тобы

С. Шапағатов ауылдық округі

2023-2024 оқу жылы

Мақсаты:Бөлме өсімдіктері туралы түсінік беру.Гүлдің атауларын,сырт келбетін,жеке бөлшек атауларын дұрыс айтуын,оларды баптап күту ережелерімен таныстыру. Өсінді отырғызу жолын көрсетіп,табиғатты аялауға,сүюге тәрбиелеу.

Біз кішкентай баламыз

Өсіп –өніп толамыз.

Күнге қарай талпынып

Көкке қолды созамыз.

Әлемдегі барлық адамдарға тек жақсылық тілейміз.

-Балақай, мен саған жұмбақ үйретемін.

Адамдардың бәрі қызығады,

Су құймасаң сәні бұзылады. (Гүл)

- Жарайсың, бұл жұмбағымыздың жауабы «гүл». Ендеше біз бөлме өсімдіктерімен танысамыз және оларға бақылау жүргіземіз.

— Өсімдіктердің өзі дала және бөлме өсімдігі болып екіге бөлінеді. Біздің бүгінгі іс-әрекетіміз бөлме өсімдіктері жайлы болмақ.Өсімдік өмір сәні,табиғат көркі,дәрі-дәрмек. Олар біздің бөлмемізді тек әдемі етіп қоймайды оған көрік беріп, үйдің ауасын тазартады. Бізге қуаныш сыйлайды, көңіліміз көтеріңкі болады екен. Ендеше балалар тақтаға назарымызды аударайық.

Тәрбиеші бөлме гүлдерін көрсетіп, әңгімелейді. Барлық өсімдіктер күнді және жарықты жақсы көреді, сондықтан да оларды терезенің алдына қоямыз. Бөлме гүлдерінің басқа өсімдіктер сияқты тамыры, сабағы, жапырағы және гүлдері бар.

Міне, мынау **раушан гүлі**. Гүлінің түсі қызыл,хош иісті болып келеді екен. Раушан гүлі өте әдемі, бөлмемізді әдемі етіп тұрады.

Ал мынау алоэ – өсімдігі. Жапырақтары тікенді болып келеді, бірақ тікені қолымызға кірмейді. Алоэнің емдік қасиеті бар одан дәрі-дәрмек жасайды. Алоэ — үйге аурудың бактерияларының енуіне төтеп береді. Бөлменің энергетикалық қалпын жақсартады. Егерде бір жеріңізді жарақаттап алсаңыз сол жерге осы алоэні кесіп шырынын жақсаңыз тез жазылып кетеді.

Традесканция — көреалмаушылық қасиетін жояды. Сондықтан жанында қызғаншақ адамдар барларға жақсы көмектеседі. Қызғаншақ, көре алмаушылық сияқты жаман әдеті бар адамдарды біраз сабасына түсіреді.

Фигус – шаңсорғыш сияқты жұмыс жасайды. Ауадағы шаңды, бөлмедегі адамның қобалжуын, ашуын, көңілсіздігінен арылтады. Сырттан келетін кері әсерлерге кедергі жасайды. Сондай-ақ, бөлме ішін ылғалдандырып, уытты заттардан тазартады. Жапырақтары арқылы бөлме ішін шаң-тозаңнан сақтайды. Оттегіні күндіз бөліп, түнде жұтатын қабілетке ие фикусты жатын және балалар бөлмесіне қоймағаныңыз абзал.

Міне өсімдіктердің осындай адамға деген пайдасы бар екен. Өсімдіктер тек әдемілік сыйлап қана қоймай; адамның денсаулығына да жағымды әсер тигізеді. Гүл өскен ортада, тазалық, татулық пен бірліктің, жақсылық пен жомарттықтың болары сөзсіз. Гүлді тек бөлмеде ғана емес, жұмыс орнында, аулаға, демалыс орындарында, адам көп шоғырланатын жерлердің барлығына өсіру керек.

Енді осы гүлдердің сырт келбетімен танысайық. Бөлме гүлдерінің басқа өсімдіктер сияқты тамыры, сабағы, жапырағы және гүлдері бар.

Біз енді өсімдіктерді қалай күтіп баптау керектігін білеміз.

— Тамыры топырақтың астында болады, олар көрінбейді, өсімдіктердің су ішуіне көмектеседі, сондықтан да оларға су құйып тұру қажет. Гүлдердің тамыры дем алып тұру үшін топырағын қопсытамыз. Балалар гүлдердің жақсы жайнап өсуі үшін гүлдерге су, жарық, жылу, топырақ қажет. Гүлге су құйып, жапырағын сүртіп, су бүркегішпен су шашып, топырағын қопсытып, тыңайтқыш сеуіп тұру керек.

Бөлме гүлдерінің ұзақ уақыт «ауырмай», жайқалып тұруының сыры неде деп ойлайсыз? Махаббатта. Гүлдермен де тірі жанмен сөйлескендей сөйлесіп, өз ілтипатынды білдіріп, баптап, күтіп, махаббатпен қарап, еркелетіп тұру қажет, олар да өздерінше қуана да мұңая да алады екен.

Сергіту сәті «Біз гүлдерше өсеміз»

Жапырағы жайқалған

Сабақтары салалы

Желге ырғалып шайқалған

Практикалық әрекет: Ал енді біздің бөлмеде традесканция гүлі жоқ екен қазір біз сол тамырланған гүлді ыдысқа отырғызайық. Бздер бүгін табиғат бұрышында жұмыс жасаймыз.

Гүл отырғызу үшін ең әуелі бізге ыдыс қажет. Ыдысты алып түбіне бірінші тастарды саламыз. Ыдыстың түбі тесік болады. Содан кейін топырақ саламыз. Жәй даладағы топырақ емес құнарлы арнайы гүл отырғызуға арналған топырақы саламыз. Содан соң топырақ ортасынан құдықша жасап, гүл өсіндісін отырғызамыз. Енді бұл гүлімізді табиғат бұрышына қоямыз. Міне гүл отырғыздық, енді тек осылай қоямыз ба? Жоқ гүлге су құю керек. Гүлге су құйып, жапырағын сүртіп, су бүркегішпен су шашып, топырағын қопсытып, тыңайтқыш сеуіп тұру керек. Гүлдерді жазда көбірек, ал қыста сирек суарады. Оларды сукүйғышпен суарады.

— Жылына бір рет топырағымен, ыдысын ауыстырып тұру керек.

— Гүлдерді бөлме температурасындай сумен суару керек, өйткені гүлдер ауырып, өліп қалуы мүмкін. Гүлге бірден суық су құюға болмайды. Суды ыдысқа бір күн бұрын құйып қою қажет. Содан соң ғана суаруға болады.

Дидактикалық ойын: «Гүл құрастыру».

Гүлдің жоқ мүшесін тауып , жапсыру.

«Гүл жинау» ойынын ойнату.

— Қырға шығып тереміз

Қызғалдақтың қызылын.

Біздер енді көреміз

Ойынның да қызығын – деп енді «Гүл жинау» ойынын ойнаймыз.

-Біз қандай бөлме өсімдіктерімен таныстық?

-Бөлме өсімдіктерінің қандай пайдасы бар?

-Гүлдің сырт келбеті қандай?

-Бүгінгі отырғызған гүліміздің аты қандай?

-Жарайсың, балақай! Бүгін екеуміз не жасадық? Нені бақыладық?

-Иә, дұрыс айтасың. Бүгінгі іс-әрекетімізді аяқтаймыз.

МОББ ТАБББ «Айналайын» бөбекжайы ЖБҚ МКҚК

«Ертегілер сыр шертеді»
сахналық қойылым

Тәрбиеші: Нуржанова Д.Б

С.Шапағатов ауылы 2023-2024 о.ж.

«Ертегілер сыр шертеді» сахналық қойылымы

Мақсаты: Балаларға ертегіні көңілді қабылдауға үйрету, сахналап беруге талпындыру, кейіпкердің мінез - құлқын сезіндіру, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Ойлау, есте сақтау, еске түсіру қабілеттерін қалыптастыру, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Адам бойына жат қасиет тілазарлықтан аулақ болып, кешірімді болуға тәрбиелеу.

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті көрермендер, қымбатты балалар! Бүгінгі бөбекжайымыздағы топтар арасында ұйымдастырылып отырған **«Ертегілер сыр шертеді»** атты ертегілер сайысымызға қош келдіңіздер! Бүгін біз ертегілер еліне саяхатқа шығамыз! Ертегі халық арасында кең тараған ұғым. Қазақ халқының бала тәрбиелеу дәстүрінде ертегі ерекше орын алған. Ертегі арқылы балаға «жақсыдан үйренуді, жаманнан жиренуді үйреткен». Ертегі айту балалардың сөздік қорын байытуға, ауызекі сөйлеуге, ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Осы себепті бөбекжайымызда жыл сайын «Ертегілер» қойылымын сахналау үрдісі жолға қойылған. Барлық топтарға сәттілік тілейміз! Олай болса, сайысымыздың әділ бағасын беретін әділ қазылармен таныс болыңыздар!

Бөбекжай директоры: Айкешова Гүлзипаш Бақытқызы
Бөбекжай әдіскері: Денбаева Нұртолқын Есібайқызы
Психолог: Қолқабаева Қалдыгүл Темірханқызы
Логопед маман: Атшыбаева Роза Маутуриевна
Музыка жетекшісі: Избенова Айгүл Шәулекенқызы

-Балалар, бізге бүгін қонаққа балабақшамен қамтылмаған балалар мен олардың ата-аналары келіп отыр. Ендеше, осы бүлдіршіндерді таныстыра кетейін.
5-жастағы баланың аты кім екен? Маратұлы Алмат
3-жастағы баланың аты кім екен? Тұрсын Аймира
Келген балалармен диалог құру.

Жүргізуші: Кел онда ертегіні шергейік біз.

Қауымды мына келген ертейік біз.

«Ертегілер еліне» бір саяхаттап,

Келгендерді соңымыздан ертейік біз.

Ендеше, 1.«Жұлдызша» кіші тобын **«Жеті лақ»** ертегісімен қарсы алайық!

2. «Еркетай» ортаңғы тобы **«Шалқан»** орыс халық ертегісі

3. «Шаттық» ортаңғы тобы **«Маса мен аю»** ертегісі

4. «Ақбұлақ» ересек тобы **«Кім күшті?»** ертегісі

5. «Күншуақ» ересек тобы **«Көкөністер дауы»** ертегісі

6 «Шұғыла» МАД тобы **«Кірқожалақ ертегі кейіпкерлерімен»** ертегісі.

Жүргізуші: Әділқазылар алқасының шешімі дайын болғанша балалардың өнерін тамашалап отырыңыздар.

Алдарыңызда өнер көрсететін Айзере, Назерке, Нұрияның орындауында
«Домбыраның күмбірі» әнін қарсы алыңыздар!

2. «Қуыршақ» биі «Күншуақ» бишілер тобы

Қорытынды: Осымен бүгінгі «Ертегілер сыр шертеді» атты қойылымымызда өз
мәресіне жетті. Сайысты қорытындылап, сайыскерлерімізді марапаттау үшін
ортаға Әділқазы алқасын шақырамыз.

Бекітілді
07.02.2024
жж

МОББ ТАБББ « Айналайын»бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: «Қалдық заттарға екінші өмір сыйлаймыз»

Дайындаған: Утесинова. О.

«Ақбұлақ» ересек тобы

С. Шапағатов ауылдық округі

2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: Баланы адамгершілікке, табиғаттың сұлулығын сақтауға ұмтылуға тәрбиелеу. Қалдық заттардан бұйым жасау арқылы баланың ойлау қабілетін дамыту. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, қоршаған ортаны құрметтеуге дағдыландыру. Әр түрлі жарамсыз қалдық заттардан керекті бұйым жасау, балаларды шеберлікке тәрбиелеу арқылы, қалдық заттарға екінші өмір сыйлау.

Армысың, Әлем!

Армысың, Жарқын күн!

Армысың, абзал Адам!

Армысың, менің досым!

Тез тұра ғой, өтінем,

Кім болады есімің?

-Сәлем, балақайлар! Сендерді көргеніме қуаныштымын. Ең бірінші бір-бірімізбен танысайық. Жарайсындар, ақылды бала екенсіңдер! Айтыңдаршы, үстел үстінен не байқадыңдар? (балалардың жауабы) Иә, дұрыс айтасындар. Үстел үстінде баклашка, қақпақшалар, жіп, түтікшелер үйден шыққан жарамсыз қалдық заттар. Келіңдер, осы қалдық заттардан пайдалы бұйымдар жасап үйренейік.

1. Пластмасса бөтелкеден су таситын көлік жасаймыз.

(Бөтелке, қақпақша, түтікше)

Тыныс алу жаттығуы

«Күннің көзін ашайық»

«Гүлдерді иіскейік»

Жарайсындар, балалар! Тыныс алу жаттығуын жасау арқылы демалып алдық. Ендеше, бізде тағы да қалдық заттар бар. Осы қалдық заттардан бірігіп гүл жасайық.

2. Түрлі-түсті түтікшеден гүл жасаймыз. (Түтікше, мақта таяқшалар)

3. Гүлге себет жасау. (Қағаз стаканға жіп орау арқылы себет жасау)

Міне, балалар біздің бүгінгі қалдық заттардан жасалған жұмыстарымыз. Сендерге ұнадыма? Осылай кез келген заттарды қоқысқа тастамай, өзімізге қажет заттарды жасауға болады.

«Кім жылдам?» ойынын ойнап бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетімізді аяқтайық.

Бекітілді
20.02.2024
Н.А.С.

МОББ ТАБББ « Айналайын»бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

Ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: «Мәдени-гигиеналық дағдылары қалыптастыру бойынша
көркемсөз»

Дайындаған: Есболоай.Ғ

«Ақбұлақ» ересек тобы

С. Шапағатов ауылдық округі

2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: Балаларға мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Дені сау ұрпақ болып өсулері үшін тазалықты сақтау керектігін ұғындыра отырып, балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту.

Ата-аналарға кеңес: «Баланың жеке басының мәдени-гигиеналарын қалыптастыру, күнделікті балабақшаға таза әрі ұқыпты болып келуі»

Міндеттері: Балаларға гигиеналық дағдыларды меңгерте отырып, тазалықтың адам өміріндегі ең бірінші орындағы басты мәселе екенін ұғындыру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.

Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.

Көркем сөз:

Қасықтарымыз біздің,
Таңқалдырар барлығын!
Қасықтарым сиқырлы,
Тауысады тағамды.
Міне тағам, міне ас,
Қасық түк те қалдырмас!

-Балалар тазалық дегенімі не?

-Ұйқыдан тұрғанда таңертең ең бірінші не істейміз?

-Кім қалай түсінеді?

-Тазалықты сақтау не үшін керек?

-Кім әдемі, ақылды болып жүргенді ұнатады?

-Асты таза ішу үшін не істейміз, әдепті бала болуды үйренеміз бе?

-Су бізге не үшін керек?

-Жеміс-жидектерді жегенде ең бірінші не істейміз?

-Балалар, дұрыс айтасындар ең бірінші таза болуымыз үшін бізге су қажет. Су болмаса тіршілікте болмайды! Су-тіршіліктің көзі, тазалықтың кепілі.

-Әдемі, ақылды болып жүруіміз үшін жуынып, ұқыпты әрі таза киініп жүруіміз керек.

-Таңертең ұйқыдан ерте тұрып беті-қолымызды жуып, арнайы құралдарымызбен тістерімізді тазалап барып, таңғы ас ішуге отырамыз.

-Асты ішуге отырмастан бұрын қолымызды сабындап жуып, сүлгіге сүртіп таза болып отырамыз.

-Жеміс-жидектерді бірінші жақсылап жуып содан кейін жеуге болады.

-Балалар, ендеше мен сендерге «Кір қожалақ» деген ертегіні теледидардан барлығымыз көрейік! Түсінгенімізді айтамыз жарайды ма?

-Ендеше теледидарға назар аударып ертегіні мұқият көріп тамашалайық!

-Балалар, ертегі сендерге ұнадыма?

-Кір қожалаққа кімдер көмекке келді? Басында ол қандай болды?(қырсық,жалқау, еріншек, лас-кірболды)

-Ең соңында ол тазалыққа бет бұрып жуынды ,таза болды.

-Ендеше барлығымыз тазалықты сақтап жүрейік!

«Қуыршақ шомылады» ойын жағдаятын кезекпен ойнап көрейік! Міне балалар сендер өздерің қалай жуыну керек екенін ұғындыңдар.

-Балалар сендер жуыну дағдыларын, жуыну құралдары және олардың қолданысы жайлы білімдеріңді толықтырып, мәдени-гигиеналық дағдыларды сақтап, әрдайым таза, тиянақты, ұқыпты болу керектігін білдіңіздер. Өз денемізге құрметпен қарауымыз керек.

-Балалар, барлығымыз деніміз сау ақылды әдемі болып жүру үшін тазалықты сақтайық! Бөбекжайға келгенде, үйде жүргенде таза жүруімізді есте сақтап, таза жүрейік! Сонда сендер үлкен болып өсесіндер!

-Сергіту жаттығуларында ұмытпай денемізді сергітіп алайық!

МОББ ТАБББ «Айналайын» бөбекжайы ЖБҚ МКҚК

«Ұлттық аспап домбыра»
домбыра тартып үйренеміз!
(АКП)

Тәрбиеші:: Такабаева Г.Р

С.Шапағатов ауылы 2023-2024 о.ж.

«Ұлттық аспап – домбыра» домбыра тартып үйренеміз!

Сабақтың мақсаты: Балаларға ұлттық аспап домбыра туралы тереңірек түсінік беру. Домбыраның құрылысымен танысу және домбыра туралы мағлұмат беру. Домбыраның дыбыстық үнін айыра білу үшін, ырғақты жаттығулар жасату, есту арқылы есте сақтауларын жаттықтыру. Көру арқылы есте сақтауды қиялды жетілдіру, дұрыс сөйлеуге дағдыландыру. Әдемілікке тәрбиелеп, ұлттық аспабымыз домбыраға деген сүйіспеншілігін арттыру.

Көрнекілік: Домбыра, түрлі аспаптар, магнитофон, жаттығу құралдары.

Барысы:

«Шаттық шеңбері»

Күлімде күн, күлімде,
Күлсін барлық бала шат.
Шынығып барлық денеміз,
Бірге ойнаймыз күлеміз,
Көңілденіп бәріміз!

Бүгінгі іс-әрекетіміздің тақырыбы: « Ұлттық аспап - Домбыра»

Осы ұлттық аспабымыз домбыра туралы, оның жасалу жолы мен құрылысына тоқталу. Домбыра қазақтың төлұлттық аспабы. Қазақ халқы әрқашанда өз өнерін қадірлеген, әндерін ойларын домбырамен жеткізіп отырған. Көшіп жүргенде бесігі мен домбырасын тастамаған екен.

Домбыра аспабымызбен танысып, домбыраның құрылысына тоқталайық.

1.Құлағы. дыбысты келтіру үшін. 2.Шанағы. 3.Пернелері. 4.Қақпағы. 5.Тиегі. 6.Ішегі.

-Балалар, енді домбыраны шертіп көрейік (балалар домбыраны шертіп көреді)

I.Аспаптардың жалғасын тап айыны.

Балаларға қиық суреттер беріледі. Сол қиықтардан аспаптарды құрастырады.

- Балалар домбырамен не тартамыз?

-Күй, терме, әндер орындауға болады.

- Сендер қандай күйшілерді білесіңдер?

- Құрманғазы, Дина.

- Жарайсыңдар, олай болса Құрманғазы атамыздың «Адай» күйін тыңдайық.

-Мінеки, балалар тамаша күйді де тыңдадық, енді бәріміз бірге

«Домбырасыз ән қайда?» әнін бірге орындайық!

II.Ойын: Дыбысты табу ойыны.

Тез ажырата білу (Балалардың көздері байланады).

1.Барабанды ұру.

2.Домбыра шерту.

3. Сылдырмақ дыбыстары арқылы қандай аспаптың дауысы екенін табамыз.

Сонымен қатар домбырамен айтыста орындаймыз. Оған екі ақын қатысып, топ алдында өздерінің айтар ойын сөз жарысымен көрсете біледі.

«Айтыс» деген атау қазақ ұғымында өлең сайысына, жыр сайысына түсу деген мағынада қолданылып келген. Оған екі ақында жақсы дйындықпен келеді. Қазіргі кезде балабақшаларда балаларды айтыс өнеріне баулу мақсатында айтыс өнері де қолға алынған.

Ендеше, кезекті айтысқа берейік.

Асылбек пен Айшаның орындауында тамаша айтысты тамашалаңыздар.

Қорытынды:

-Балалар бүгін қандай аспаппен таныстық? (Домбырамен)

- Домбыра аспабы ұнады ма, сендерге?

-Домбырамен не орындаймыз?

-Сенің көңіл-күйің қалай? Берілген бет бейнелер арқылы көңіл-күйлеріңді білдірулерің керек.







МОББ ТАБББ «Айналайын» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

Бекітілді
9.04.2024 ж
М.Бекесова

**БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ОЙЫН
АРҚЫЛЫ ДАМУ**

Дефектолог: Бекесова М.

2024 ж

БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып оның шығармашылық қабілетін дамытады, Жаңа қоғамға лайықты тұлғаны қалыптастыруда баланың жасын, даму ерекшелігін, айрықша қабілетін ескере отырып, ақыл-ой, еңбек, дене, эстетикалық тәрбие, сапасын жақсарту қажет. Баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа технологиялар қызықтырады. Соның бірі: дефектолог – бұл қазіргі әлемде ең қажетті мамандықтардың бірі.

Дефектологтың кәсіби қызметі жалпы білім беру (инклюзивтік) және арнайы білім беру ұйымдарында (ақыл-есі кем балалар, есту қабілеті, көру қабілеті, сөйлеу, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы, ақыл-есі кемуі) түзету – білім беру және тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруға бағытталған және т.б.

Дефектолог маманының жалпы мақсаты: Баланың танымдық қабілеттерін дамыту, қоршаған ортаны танып қабылдау қиындықтарын алдын алу және түзету

Дефектолог маманының міндеттері:

- дамуында әртүрлі ауытқулары бар балаларды тәрбиелеу және оқыту әдістемесін тандау және жүзеге асыру;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың психодиагностикасын жүзеге асыру;
- ерекше білім қажеттілігін талап ететін балалардың ата-аналарымен және педагогтармен әдістемелік-кеңес беру жұмыстарын ұйымдастыру;
- ерекше білім қажеттілігі бар балалардың бұзылуларын оқыту, тәрбиелеу, дамыту және түзету үрдістерінің ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру.

«Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «ойында озған өмірде де озады» деген аталы сөздің сырына жүгінсек ерекше білімді қажет ететін баланың ойынға деген құлқы, қарым - қатынасы, мінезі олар өсіп есейгенде де өмірінде жалғаса береді.

Ойын процесі – дефектолог маманының құралдарының бірі. Ойын арқылы балалардың зейінін тұрақтандыру жүзеге асырылады. Баланың жеке басының қалыптасуындағы ойынның маңызы ерекше. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, тапқырлығы, ынтасы артып, жетіле түседі.

Зейіні тұрақсыз балалармен ең бірінші қолданылатын ойынның бір түрі «Дауыс екпінімен жұмыс» деп аталады. Баланың зейінін дауыс пен дауыс ырғағына реттеп аламыз. Бұл ойын зейіні тұрақсыз балаларға зейін қойып, анализ- синтез жасауға көмектеседі.

Баланың зейінін тұрақтандыруға арналған ойынның бір түрі «Қағаз жырту» Бұл ойында қағазды жәй жырту өте жеңіл, бірақ балаға әсер беретін ойындардың бірі.

Мақсаты: Баланың жүйкесін тыныштандырады, бар зейінін бір арнаға тоғыстырады.

«Су және түрлі түсті бояулар» деп аталатын жаттығуда баланың жүйкесін тыныштандыру, зейінін тұрақтандыру, баланың шашылып жатқан фокусын(ойын) бір арнаға толықтырып, жүйелеп, анализ синтез жасау болып табылады. Бұл ойынды әр түрлі мақсатта пайдалануға болады. Түстерді ажыратуға машықтандыруға болады.

Зейіні тұрақсыз балалармен вестибилярлы құралды қолданылатын ойынның бір түрі
«Допты ыдысқа сал» деп аталады.

«Нысанаға лақтыру» деп аталатын жаттығу емдік дене шынықтыру бөлмесінде баланың жүйкесін тыныштандыру, зейінін тұрақтандыру, Бұл ойынды әр түрлі мақсатта пайдалануға болады. Түстерді ажыратуға машықтандыруға болады.

«Мені қайтала» деп аталатын жаттығуда баланың жүйкесін тыныштандыру, зейінін тұрақтандыру, Бұл ойынды әр түрлі мақсатта пайдалануға болады. Түстерді ажыратуға машықтандыруға болады.

Бұл жаттығулардың барлықтары баланың жүйкесін тыныштандыру, зейінін тұрақтандыру, баланың шашылып жатқан фокусын бір арнаға толықтырып жүйелеп анализ синтез жасауды үйрету болып табылады.

Мүмкіншілігіне қарай, әр тақырып бойынша ойын түрлерін қолданып сабақ жүргізу, мұғалім -дефектологтың шеберлігін шындап, сабақтың сапасын арттырады сөзсіз.



